



Сөзмерген

Тіл қазынасы - мақал-мәтел

Мақсаты:

“Шежіре” бағытын насихаттай отырып, сөзге шешен, тілге жүйрік, ділмар сөз мергендерін анықтау.

I кезең


“Мықты болсаң, тауып көр”



Мақал - мәтелдің жалғасын тап

- Бір кісі таққа мінсе, ...
- Қырық кісі атқа мінеді.

- 
- **Наданмен қас болғанша**
 - **Кітаппен дос бол.**

- 
- **Ақыл жастан шығар ...**
 - **Асыл тастан шығар.**

- 
- **Қына тасқа бітеді, ...**
 - **Білім басқа бітеді..**



- **Егіннің жайын еккен білер, ...**

- **Арбаның жайын жеккен білер.**



Еңбектің көзін тапқан, ...

Байлықтың өзін табады.



Жақсы кітап - ...

Жан азығы



Ексең егін, ...

Ішерсің тегін.



III кезең

«Жүйрік болсан, шауып көр»

**Берілген сөз тіркес тауып,
мақал – мәтел құрастыру**

Хан

Тұлпар

Құдай

Мал

ел



• **Ханын сыйламаған ел азады.**

Берілген сөз тіркесін тауып, мақал – мәтел құрастыру

Кітап

Төре

Сөз

Арқан

бауыр



• **Таста тамыр жок, төреде бауыр жок.**

Берілген сөз тіркесін тауып, мақал – мәтел құрастыру

Төре

Ел

Кісі

Хан

сұлтан

- 
- Кісі елінде сұлтан болғанша,
 - Өз елінде ұлтан бол.

Берілген сөз тіркесін тауып, мақал – мәтел құрастыру


Тіл

Ел

Гүл

Шешен

СӨЗ

- 
- Батыр қол бастар,
 - Шешен сөз бастар,
 - Көсем жол бастар.

Берілген сөз тіркесін тауып, мақал – мәтел құрастыру

Хан

Қазы

Кісі

Мал

ҰЯТ

- 
- **Ханда қадір болмаса,**
 - **Қарада ұят болмайды.**



III кезең

«Ойлы болсаң, озып көр»



Берілген сөз тіркесін тауып
мағынасын аш.


Хан

Ел

Қазан

Жер

ТОҚПАҚ

- 
- Хан қазық, би тоқпақ.
 - Хан айтқанын, бұйрығын халыққа би арқылы орындатады деген мағынада.

Берілген сөз тіркесін тауып мағынасын аш.


Қара

Шешен

Хан

Қазық

халық

- 
- Хан шаңырақ, халық уық.
 - Ханды басшысы ретінде әрқашан халық қолдайды деген мағынада.

Берілген сөз тіркесін тауып мағынасын аш.


Басшы

Хан

Төре

Би

құрылтай

- 
- Әр ханның тұсында бір құрылтай.
 - Әр хан (басшы) сайланған кезде өз ұстанымдарын, өз жарғысын енгізеді деген мағынада.



IV - КЕЗЕН

БІР СӨЗБЕН АЙТҚАНДА

Ақкеме

1. Басымнан шығып кетті.
2. Секем алу
3. Бармағын тістеу.
4. Құлақ аспау.
5. Іші пісу.
6. Арасынан қыл өтпейді.
7. Түйені түгімен, биені бүгімен жұту.
8. Көз аларту.
9. Арасына от жағу.
10. Бетінен оты шығу.

1. Қызыл кеңірдек болу.
2. Ит өлген жерде.
3. Аузын бұлтиту.
4. Ініне су құю.
5. Бір шыбықпен айдау.
6. Құлақ етін жеу.
7. Беті бері қарау.
8. Сойып қаптағандай.
9. Қабағынан қар жауу.
10. Қолы ашық.

- 1. Басымнан шығып кетті.** (ұмыту)
- 2. Секем алу** (сезіктену)
- 3. Бармағын тістеу.** (өкіну)
- 4. Құлақ аспау.** (тыңдамау)
- 5. Іші пісу.** (зерігу)
- 6. Арасынан қыл өтпейді.** (тату)
- 7. Түйені түгімен, биені бүгімен жұту.** (жемқорлық)
- 8. Көз аларту.** (Қорқыту)
- 9. Арасына от жағу.** (араздастыру)
- 10. Бетінен оты шығу.** (ұялу)

1. Қызыл кеңірдек болу. (керісу, дауласу)
2. Ит өлген жерде. (алыста)
3. Аузын бұлтиту. (өкпелеу)
4. Ініне су құю. (қудалау)
5. Бір шыбықпен айдау. (билеп төстеу)
6. Құлақ етін жеу. (мазасын алу)
7. Беті бері қарау. (аурудан айығу)
8. Сойып қаптағандай. (ұқсау)
9. Қабағынан қар жауу. (көңілсіздену)
10. Қолы ашық. (береген)

Марапаттау

